

А.А. Сейітбекова* , **А.А. Хабиева** 

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: ainurseit@mail.ru

ТАРИХИ-ПОЭТИКАЛЫҚ ІШКОРПУС: ЕСКІ КІТАБИ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕНІМІ

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» (ҚТҰК) аясында XV-XIX ғасырлардағы халық ауыз әдебиеті үлгілерінің мәтіндерін қамтитын «Тарихи-поэтикалық ішкорпусты» әзірлеп жатыр. Осы ірі деректер базасын қалыптастыруда туындайтын өзекті мәселелердің бірі – аталған кезеңге тән ескі кітаби лексикалық тілдік бірліктердің семантикалық белгіленімін жасау қажеттілігі. Себебі дәл осы уақыт аралығындағы халық ауыз әдебиеті шығармаларында бүгінгі оқырман үшін мағынасы таныс емес күрделі лексикалық бірліктер кездеседі. Осыған орай біздің зерттеуіміздің мақсаты – жыр жолдарында кездесетін мағынасы көмескі лексикалық бірліктердің мағыналарын анықтау және оларға семантикалық белгіленім әзірлеу. Бұл мақсатқа жету үшін, алдымен, семантикалық белгіленім әзірлеудің халықаралық тәжірибелерге назар аударылады. Атап айтқанда, орыс, татар және башқұрт тілдерінің ұлттық корпустарындағы сөздік семантикалық белгіленім тәжірибелері зерделенеді. Зерттеу барысында жыр жолдарындағы ескі кітаби сөздердің құрылымдық ерекшеліктеріне қарай қандай лексикалық бірліктердің семантикалық талдауға алынатыны қарастырылады. Сонымен қатар, семантикалық белгіленім әзірлеудің нақты алгоритмі мен оның функционалдық ерекшеліктеріне де талдау жасалады. Әзірленетін семантикалық белгіленім нәтижелері болашақта оқулықтар мен түсіндірме сөздіктерді құрастыруда, тарихи мәтіндерді ғылыми тұрғыдан түсіндіру мен зерттеуде таптырмас құрал бола алады. Жалпы алғанда, бұл жұмыс қазақ тілінің бай тарихы мен мәдени мұрасын тереңірек түсінуге және оны келер ұрпаққа жеткізуге зор үлес қосады.

Түйін сөздер: тарихи-поэтикалық ішкорпус, ескі кітаби лексика, халық ауыз әдебиеті үлгілері, семантикалық белгіленім.

A.A. Seitbekova, A.A. Khabiyeva

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Ainurseit@mail.ru

Historical and Poetic Subcorpus: Semantic Markup of Old-Book Lexical Units

The Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics, within the framework of the National Corpus of the Kazakh Language (NCKL), is developing a "Historical-Poetic Subcorpus" that includes texts of folk oral literature from the 15th-19th centuries. One of the pressing issues arising in the formation of this large database is the necessity of creating a semantic markup of old literary lexical unit's characteristic of the specified period. This is due to the fact that the works of folk oral literature of this time contain complex lexical units whose meanings are unfamiliar to the modern reader. In this regard, the aim of our research is to determine the meanings of obscure lexical units found in poetic lines and to select a semantic markup for them. To achieve this goal, the international experience in developing semantic markup will be initially considered. In particular, the experience of semantic markup in the national corpora of Russian, Tatar, and Bashkir languages will be studied. The structural characteristics of old literary words and the criteria for their selection for inclusion in the annotated database are examined. Special attention is paid to the algorithm for creating semantic markup and the functional capabilities of this approach. The results obtained can be used in the creation of educational and lexicographical resources, as well as in the interpretation of old literary words. The research contributes to an in-depth study of the historical development of the Kazakh language and its cultural heritage.

Key words: historical and poetic subcorpus, old book vocabulary, samples of oral literature, semantic markup.

А.А. Сейтбекова*, А.А. Хабиева

Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

*e-mail: Ainurseit@mail.ru

**Историко-поэтический подкорпус:
семантическая разметка старокнижных слов**

Институт языкознания имени Ахмета Байтұрсынулы в рамках Национального корпуса казахского языка (НККЯ) разрабатывает «Историко-поэтический подкорпус», включающий тексты образцов устного народного творчества XV-XIX веков. Одной из актуальных проблем, возникающих при формировании этой крупной базы данных, является необходимость создания семантической разметки старокнижных лексических единиц, характерных для указанного периода. В произведениях устного народного творчества этого времени встречаются сложные лексические единицы, значения которых незнакомы современному читателю. В связи с этим целью нашего исследования является определение значений малопонятных лексических единиц, встречающихся в поэтических строках, и выбор для них семантической разметки. Для достижения этой цели первоначально будет рассмотрен международный опыт разработки семантической разметки. В частности, будет изучен опыт семантической разметки в национальных корпусах русского, татарского и башкирского языков. Рассматриваются структурные характеристики старокнижных слов и критерии их отбора для включения в аннотируемую базу. Особое внимание уделяется алгоритму создания семантической разметки и функциональным возможностям данного подхода. Полученные результаты могут быть использованы при создании учебных и лексикографических ресурсов, а также при интерпретации старокнижных слов. Исследование способствует углубленному изучению исторического развития казахского языка и его культурного наследия.

Ключевые слова: историко-поэтический подкорпус, старокнижная лексика, образцы устной литературы, семантическая разметка.

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынулы атындағы Тіл білімі институтында ҚТҮК аясында әзірленіп жатқан «Тарихи ішкорпус» пен «Тарихи-поэтикалық ішкорпус» ескі дәуірлерден жеткен жазба ескерткіштердің, құжаттардың және халық ауыз әдебиеті үлгілерінің мәтіндер базасын құрайды. «Тарихи ішкорпусқа» орта ғасырларда жазылған шежірелер, жылнамалар, көркем шығармалар, ресми құжаттар, хаттар және басқа да мәтіндер енгізілсе, «Тарихи-поэтикалық ішкорпус» қазақ халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін қамтиды.

«Тарихи-поэтикалық ішкорпусқа» енген шығармаларды таралу дәрежесіне қарай «халық арасында кең тараған» және «халық арасында кең тарамаған» жыр-дастандар деп бөлуге болады (Сейтбекова, 2024). Шығарма мәтіндеріндегі ескі кітаби сөздерге лингвистикалық белгіленім әзірлеу мақсатында, алдымен, көпшілікке кеңінен танылып, баспа бетінде жарияланған батырлық жырлар мен лиро-эпостық жырлар іріктелді. Өйткені, «қазақ жыр-толғауларының арғы бастауы жалпы түр-кілік жыршылық, жыраулық дәстүрде жатыр» (Малбақов, Көбденова, Қайрат, 2024). Лиро-эпостық жырлардың қатарынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сынды туындылар, ал батырлық жырлардан

«Бөгенбай батыр», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» және халық арасында кең таралма-са да, жарық көрген «Марзаш батыр», «Мырқы батыр», «Қарадөң батыр» жырлары алынды. Әсіресе, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде көлемі мен мазмұны жағынан айрықша орын алатын – батырлар жыры. Мәселен, «Алпамыс батыр» жыры өзге батырлық жырлармен салыстырғанда ең көне жырлардың қатарына жатады. Оның көнелігін айғақтайтын басты белгі – құрамында көне лексикалық бірліктердің молдығы. Корпусқа енгізілген «Алпамыс» жырының 39, 105, 111 беттік қолжазба нұсқалары бар. Соңғы 111 беттік нұсқасы ертеректе «Қисса Алпамыш» деген атаумен белгілі болған.

Копуста әрбір шығарманың мәтіні өңделіп, араб графикасындағы қолжазба нұсқасы және оның кирил графикасына түсірілген аудармасы қатар ұсынылған. Бұл параллельді ұсыну кейбір графемаларды, лексикалық бірліктерді, синтаксистік құрылымдарды салыстыруды жеңілдетеді.

Сонымен қатар әрбір шығарманың метабелгіленімі (поэтикалық шығарманың атауы, қысқаша мазмұны, тақырыбы, жырлаушысы, алғашқы жариялануы және т.б.) толық көрсетілген (Қазақ тілінің ұлттық корпусы, «Тарихи-поэтикалық корпус»). Дегенмен корпус тек электрондық нұсқаға көшірілген мәтіндер базасы емес,

терең аннотацияланған, пайдаланушының әртүрлі сұранысына сай ақпарат бере алатын іздеу жүйесімен жабдықталған «ақылды» база болғандықтан, оған сәйкес лингвистикалық деректер де қамтылуы қажет. Мәселен, «Тарихи-поэтикалық ішкорпусқа» енген халық ауыз әдебиеті үлгілерінің мәтіндерінде қазіргі оқырмандарға, әсіресе, мектеп оқушыларына түсініксіз, мағынасы күңгірт ескі кітаби лексикалық бірліктер ұшырасады.

Ескі кітаби сөздер – қазақ халқының өткен дәуірдегі тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын көрсететін маңызды лексикалық қабаттың бір бөлігі. Бұл лексикалық бірліктер белгілі бір тақырыптық топтарға жіктеліп, олардың әрқайсысы сол кезеңдегі қоғамдық қатынастар мен мәдени-әлеуметтік үрдістерді сипаттайды. Әрбір тақырыптық топ өз алдына ерекше мағыналық жүк аркалап, ұлттық мәдениет пен әдеби дәстүрдің бірегей болмысын айшықтайды. Мұндай лексикалық бірліктерді ғылыми тұрғыдан саралап, олардың семантикалық өрісін, қолданыс жиілігін, мәнмәтіндік қолданыс ерекшелігін тереңірек зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Тарихи-поэтикалық ішкорпусқа» енген мәтіндердегі ескі кітаби сөздер ұлттық рухани мұраны жаңғырту мен тілдік зерттеулер жүргізуде маңызды дереккөзі болып табылады. Осыған орай аталмыш корпусның тілтанымдық құндылығын жетілдіру мақсатында жыр-дастандар мәтіндерінде кездесетін көне, көнерген, араб, парсы сөздері мен сөз тіркестерін мағыналарын ашып, семантикалық белгіленімін әзірлеу, базаға енгізу – мақала тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Тілдік талдау материалдары ретінде «Тарихи-поэтикалық ішкорпус» базасына енген халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде лиро-эпостық жырлардың ішінде ең үздік жырлардың бірі – «Қозы Көрпеш» жыры алынды. «Қозы Көрпеш» жырының бізге белгілі (Радлов, Шоқан, М.Ж. Көпейұлы) үш нұсқасы бар. Осы аталған жыр мәтіндеріндегі ескі кітаби лексикалық бірліктер талданады.

Ғылыми жобаның міндеттерін орындау барысында мәтіндерді өңдеуде *сұрыптау, іріктеу тәсілдері* және мәтіндердегі ескі кітаби лексикалық бірліктерге, семантикалық белгіленім әзірлеуде *тарихи-салыстырмалы, мәнмәтіндік* (контекстік) әдістер қолданылады.

Әдебиеттерге шолу

Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі ескі кітаби қолданыстар жөнінде академик Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде (2004), осы еңбектің жалғасы болып табылатын «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (2008), ғылыми-танымдық зерттеу монографиясында қазақ тілінің тарихи қабаттары, соның ішінде көне, ескі, бейтаныс сөздердің қолданысы кеңінен қарастырылады. Ғалым тілдің көне мұраларды сақтаушы және жеткізуші ретіндегі рөлін атап өтіп, бұл ерекшеліктің мақал-мәтелдерде, өсиет-нақыл сөздерде, тұрақты сөз тіркестерінде, ертеден жеткен жыр-дастандарда айқын көрінетінін дәлелдейді. Әсіресе, XV-XIX ғасырлардағы жыраулар мен ақындардың толғауларында кездесетін архаикалық лексика мәдени мұраны тануда айтарлықтай мәнге ие. Бұл сөздер мен тіркестер халық ауыз әдебиетінің ескі қолданыстарын зерттеуде, сондай-ақ тілдің тарихи даму жолын сипаттайтын құнды дерек болып табылады. Қазақ тілінің тарихи дамуындағы осындай ескі лексикалық бірліктердің маңыздылығы В.В. Радлов сөздігінде айқын көрініс тапқан. В.В.Радловтың сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикасы мен қолданысы қазіргі қазақ тіліндегі кейбір ескі кітаби лексикалық бірліктердің өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. В.В. Радлов сөздігі ескі сөздердің қолданысы мен мағынасының уақыт өте келе қалай өзгергенін зерттейтін маңызды лексикографиялық еңбек ретінде қазақ тілінің тарихы мен даму кезеңдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Малбақов, 2024).

Осындай халық ауыз әдебиеті үлгілері мәтіндерін сандық форматқа көшіру, корпус базасына енгізіп, ескі кітаби сөздерге семантикалық белгіленімдерді қою мәселелері бойынша тілдік корпусары әзірленген өзге түркі елдерінің тәжірибелерін қарастыруды жөн көрдік. Мәселен, Татар тілінің ұлттық корпусы – қазіргі әдеби татар тілінің лингвистикалық ресурсы. Корпус көлемі 26 млн астам сөзқолданыстан тұратын әртүрлі жанрдағы (көркем әдебиет, БАҚ материалдары, ресми құжаттар, оқу әдебиеті, ғылыми жарияланымдар және т.б.) мәтіндер қамтылған. Әр шығарманың метабелгіленімі мен морфологиялық белгіленімі әзірленген (Татарский национальный корпус «Туган тел»). Башқұрт поэтикалық корпус базасына 1,8 миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын XX-XXI ғғ. басындағы башқұрт ақындарының өлеңдері енген. Іздеу жүйесі екі түрге бөлінеді: а) лексикалық іздеу жүйесі;

ә) грамматикалық іздеу жүйесі. Сонымен қатар өлең жолдары қандай өлең өлшемімен жазылғанын анықтау үшін поэтикалық параметрлердің белгілінемдері әзірленген. Айта кету керек, бұл корпус Орыс ұлттық корпусы аясында әзірленгендіктен, мәтіндердің орыс тіліндегі аудармасы қоса берілген (Башкирский поэтический корпус). Turkish National Corpus (TNC) қазіргі түрік тіліне арналған 50 миллион сөзқолданыстан тұратын 1990-2013 жылдар аралығындағы мәтін үлгілері қамтылған әмбебап корпус (Turkish National Corpus). Бұдан бөлек алтай, қырым-татар, қырғыз, тува, өзбек, хаккас, шор, якут тілдерінің корпустарын қарастырғанымызда, сөз мағынасына жасалған семантикалық белгіленімдер туралы ақпараттар кездеспейді (<http://www.turklang.org/ru>). Бұдан түркі тілдерінің тілдік корпустары әлі бастапқы кезеңінде тұрғандығын және біз сөз етіп отырған ескі кітаби сөздердің семантикасының әзірлемесі жайында зерттеулер мен талдаулардың басталмағандығын көрсетеді.

Тілдік корпус әзірлеуді ертерек бастаған Орыс тілінің ұлттық корпусы (ОТУК) – қазіргі таңда көпфункционалды, кең ауқымды тілдік базаға айналды. Бұл корпус бірқатар тақырып-

тық және жанрлық ішкорпуста (подкорпус) тұрады. Соның бірі – поэтикалық ішкорпус. Орыс тілінің поэтикалық подкорпусы XVIII ғасырдан қазіргі кезеңге дейінгі 14 097 265 сөзқолданыстан тұратын 103 626 поэтикалық мәтін қамтылған. Корпус бойынша Іздеу жүйесі семантикалық және морфологиялық және поэтикалық параметрлер негізінде жүзеге асады. Мысалы, іздеу жүйесіне «церковь» сөзін енгізген жағдайда, 1750 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңді қамтитын бұл сөздің қолданылған контексттері туралы ақпарат ала аламыз: нәтижесінде 47 мәтінде кездесетін 8331 мысал ұсынылады. Әр мысал гиперсілтемеге айналған, яғни сөзді меңзермен басқан кезде оның лингвистикалық белгіленімі ашылады. Онда төмендегідей ақпараттар беріледі:

- леммасы (негізгі сөздік формасы);
- грамматикалық сипаттамасы (сөз табы, түр, септік, т.б.);
- семантикалық сипаттамасы (мағыналық тегі, семалар);
- қосымша семантикасы (контекстуалдық мағыналық реңктері);
- қосымша белгілері (мысалы, стилистикалық немесе жанрлық ерекшеліктері).

The screenshot shows the National Corpus of Russian Language website. The search results for the word "церковь" (church) are displayed. The interface includes a search bar, a list of results, and a detailed view of the word's lemmas, grammar, and semantics.

Корпус Поэтический • 103 626 текстов • 14 097 265 слов

Подкорпус Задать

Запрос церкви

Конкорданс KWOC

1. О. Г. Чухонцев

Возле моста, и мыльную в и еще не взо он стоит в во не понимая к а по лицу бу то ли безум где скот обы стоит, не опр онучи набры и он не знает держась дву что-то мычит

Лемма церковь (см. портрет слова, см. словарь)

Грамматика

существительное, женский, неодушевленное, предложный, единственное

существительное, винительный, женский, неодушевленное, множественное

существительное, дательный, женский, неодушевленное, единственное

существительное, женский, родительный, неодушевленное, единственное

существительное, женский, неодушевленное, именительный, множественное

Семантика предметные имена, совокупность

Семан-тика дополнительная предметные имена, здания и сооружения, вместилища

Доп. признаки gendered, numred, casered, norm

2. Н. Байтов. «Строится церковь на бойком месте...» (2009)

Строится **церковь** на бойком месте, мимо бежит толпа.

3. С. Г. Стратановский. Литова : «В пост великий не ходит Литова...» (2009)

1-сурет – Орыс тілінің «Поэтикалық корпусындағы» церковь сөзінің лингвистикалық белгіленімі

Семантикалық белгіленімде *церковь* сөзінің жалпылама мағынасы (діни ғибадат орны) және контекстегі негізгі қызметі мен реңкі (мысалы, мәдени нысан, метафоралық қолданым) көрсетіледі. Мұндай жүйе зерттеушіге тек сөз жиілігін ғана емес, оның тарихи даму жолын, көркем мәтіндегі стильдік мағынасын да талдауға мүмкіндік береді. Бұл ішкорпус – поэзия тілін корпус лингвистикасы әдістерімен зерттеудің үлгісі ретінде танылып отыр. Семантикалық деңгейде дәл осындай терең белгіленімдер жүйесі басқа түркі тілдерінің поэтикалық корпусарында әзірге жасалмаған. Осыған қарап, ескі кітаби лексиканы семантикалық тұрғыда жүйелі түрде белгілеп, корпус деңгейінде өңдеу – түркі тіл білімінде өзекті, әрі тың бағыт екенін байқауға болады.

Нәтижелер мен талқылау

Халық ауыз әдебиеті үлгілері мәтіндерінің лингвистикалық параметрлерін әзірлеуде біз сөздің семантикалық қолданысына басымдық беруді маңызды деп таптық. Себебі жыр мәтіндерінде бүгінгі жас ұрпақ қана емес, тіпті ересектердің өзі де толық түсіне бермейтін ескі кітаби лексикалық бірліктер жиі кездеседі. «Тарихи-поэтикалық ішкорпуста» осы ескі кітаби лексикалық бірліктердің мағыналары семантикалық белгіленім арқылы ашып көрсетіледі. Семантикалық белгіленім – белгілі бір лексикалық бірліктің мағыналық ерекшеліктерін жүйелі түрде сипаттап көрсететін лингвистикалық модель болып табылады. Ол лексема мазмұнының ішкі құрылымын, оның негізгі және жанама семаларының арақатынасын, контексте туындайтын семантикалық реңктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл поэтикалық мәтіндердің терең мағыналық қатпарларын ашуға, сондай-ақ дәстүрлі лексиканы қазіргі тілдік санамен ұғынуға жол ашады.

Әлемдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде семантикалық белгіленім және оның параметрлеріне қатысты бірқатар құнды пікірлер бар. Мәселен, Дж. Лайонс, С. Ульман, А. Вежицкая сынды зерттеушілер семантикалық құрылымның әмбебап негіздерін талдаса, қазақ тіл білімінде Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев еңбектерінде сөз мағынасының тарихи даму ерекшеліктері мен контекстік семантикасы жүйелі түрде қарастырылады. Осы теориялық алғышарттар «Тарихи-поэтикалық ішкорпус» шеңберінде семантикалық белгіленім үлгілерін

құрастыруға негіз болды. Мұнда біз лексикалық бірліктің тікелей мағынасы ғана емес, оның тарихи-мәдени мағынасын ескереміз.

Семантикалық белгіленім, әсіресе, сөздің тіркесімділігі мен синтаксистік қолданысын анықтауда айрықша рөл атқарады. Мәселен, қалмақ тіліндегі «ескі» мағынасын беретін *хуучи* сын есімі тек қана жанды зат есімдермен тіркессе, ал *когин* сын есімі тек жансыз зат есімдермен ғана қолданылады. Бұл мысал сын есімдердің зат есімнің семантикалық категориясына қарай тіркесу шектеулерінің бар екендігін көрсетеді. Осындай қолданыстар лексикалық бірліктердің тіркесу заңдылықтарын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді (Куканова, 2024).

Сонымен қатар семантикалық белгіленім белгілі бір сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасына сәйкес келетін семантикалық категорияны және оның нақты мағынасын айқындайтын ішкі топтарды анықтауға бағытталған. Ол сөздердің омонимдік және синонимдік қатарларын кеңейтуге, тақырыптық топтарға бөлуге, бағалаушылық және туынды сипаттарын белгілеуге мүмкіндік береді (Флянтикова, 2021). Семантикалық белгіленім әзірлеуде орыс тілінің көне және қазіргі корпусы негізге алынды. Мәселен, аннотация жасау кезінде омонимдер ескеріледі және белгіленген леммалар орыс тіліндегі түсіндірмелер арқылы берілген семантикалық мағынаға байлаулы болады. Мысалы, *лукъ* (*қару*) және *лукъ* (*өсімдік*) деген лексемалар бойынша іздеу жүргізуге болады (Сичинава, 2022). Сөз семантикасына контекстің ықпалы композициялық семантикамен де байланысты. Композициялық семантиканың негізгі тұжырымдарын былайша түсіндіруге болады: біріншіден, сөздің мағынасы тек сол сөздің өзімен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар оның маңайындағы сөздерге де тәуелді. Яғни, сөздің толық мағынасын түсіну үшін көршілес сөздер мен жалпы контексті ескеру қажет. Көп жағдайда контекст сөздің мағынасын өзгертіп немесе кеңейтіп, оған мағыналық реңктер қосу немесе оны түсіндіруге әсер етуі мүмкін. Грамматикалық байланыстар мен синтаксистік құрылымдар сияқты контекстік факторлар сөздің мағынасын өзгертіп немесе кеңейте алады (Нарыкова, 2014).

Семантикалық белгіленім арқылы сөздің мәні, мәнмәтіндегі қолданысы және тақырыптық топтарға жіктелуі анықталады. Жинақтай келгенде, сөздің семантикасын әр қырынан талдағанда мынадай параметрлері түзіледі:

1. Сөздің негізгі мағынасы – сөздің тура және ауыспалы мағыналары (мысалы, «жебе» – қару ретінде және метафоралық мағынада «жол көрсетуші»).

2. Тақырыптық топтамасы – сөздің қандай мағыналық өріске жататыны анықтауды қажет етеді. Себебі халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі ескі кітаби сөздер *діни мәндегі, ел басқаруға қатысты, әскер мен қару-жарақ құралдары, әлеуметтік топтар, мал шаруашылығы, егіншілік, салт-дәстүр, уақыт өлшемдері, астрономиялық атаулар, жер-су атаулары* сияқты бірнеше негізгі тақырыптық топқа бөлінеді. Бұл топтарға енетін лексикалық бірліктер сол дәуірдегі халықтың шаруашылық жүйесін, күнкөріс тәсілдерін, наным-сенімдерін, рухани құндылықтарын және қоғамдық құрылымын көрсетеді.

3. Мәнмәтіндегі мағынасы – сөздің мәтіндегі мағыналық реңкі, яғни оның нақты қолданыстағы мәні.

4. Этимологиялық сипаттамасы – сөздің шығу төркіні, қай тілден енгені (көне түркі, араб, парсы, моңғол, орыс және т.б.).

5. Сөздің тарихи қолданысы – белгілі бір дәуірге қатыстылығы (мысалы, орта ғасыр, XIX ғасыр әдебиеті, кеңестік кезең тілі).

6. Қазіргі тілдегі орны – белсенді (актив) немесе пассив (сирек қолданылатын) сөздер қатарына жататыны, архаизм немесе тарихи сөз екендігі.

7. Синонимдік қатары – ұқсас мағыналы сөздермен байланысы (мысалы, «жасаған» – «Құдай» мағынасында).

8. Антонимдік қатары – қарама-қарсы мәндегі сөздермен байланысы.

9. Фразеологиялық тіркестердегі орны – сөздің тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамында кездесуі.

10. Стыльдік ерекшелігі – ресми-кітаби, поэтикалық, бейтарап немесе қарапайым сөйлеу стилінде қолданылуы.

11. Фонетикалық және графикалық өзгерістері – сөздің тарихи дамуы барысында дыбыстық және жазылу ерекшеліктерінің өзгеруі.

Әрине, көрсетілген параметрлер ескі кітаби сөздердің корпусын құру және оларды ғылыми тұрғыда сипаттау барысында маңызды рөл атқарады. Олар қазақ тіліндегі тарихи лексиканың семантикалық құрылымын жүйелеуге, мәтіндердегі мағыналық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Дегенмен пайдаланушыға көрнекі түрде ыңғайлы болу мақсатында, тарихи ішкорпусты әзірлеудің бастапқы кезеңінде

семантикалық белгіленімнің қабылдауға жеңіл, ықшамдалған нұсқасы таңдалды:

- ЕСКІ КІТАБИ СӨЗ

- МӘНМӘТІНДІК МАҒЫНАСЫ (*контексттегі мағынасынан*)

- МӘТІННЕН ҮЗІНДІ

- ШЫҒАРМА АТАУЫ

Семантикалық белгіленім жасалатын ескі кітаби лексикалық бірліктерді нақтылауда ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін, алайда қазіргі таңда қолданыстан шығып кеткен, мағыналары көмескеленген лексикалық бірліктер таңдалды.

Ескі кітаби сөздер – белгілі бір тарихи кезеңдерде жазба және ауызша дәстүрде кеңінен қолданылған, қазіргі тілде сирек кездесетін немесе мағынасы өзгерген лексикалық бірліктер. Ескі кітаби сөздер шығу тегіне, қолданылу аясына және тарихи өзгерістеріне қарай көне сөздер, көнерген сөздер және кірме сөздер болып лексикалық қабаттарға бөлінеді. Зерттеу материалы ретінде алынып отырған «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырының Шоқан нұсқасындағы ескі кітаби сөздер былайша топтастырылады:

- *көне сөздер* – тіліміздің өте ертедегі кезеңінде қолданылған, бірақ қазіргі қазақ тілінде мүлде қолданылмайтын немесе тек тарихи, этнографиялық зерттеулерде ғана кездесетін сөздер мен сөз тіркесері. Мысалы, *жұмыршақ* (күйіс қайыратын мал қарнының бір бөлігі), *қаландар* (диуана, дәруіш), *шұнамыр* (құлағының ұшы кесілген я жабысып біткен), *шыныш* (кішкентай), *сәна* (ой, қайғы, уайым) *құрсақ садақ* (мүйіз бен ағаштан қиюластырып жасаған таңдаулы садақ), *тербетелі* (баяндайық), *бедірек* (құны жоқ, құнсыз), *доталаған* (зар жылаған), *үшбу* (осы), *ат тоқыған* (сөз байласқан) т.б.

- *көнерген* (*төл және кірме араб және парсы*) *сөздер* – қазіргі тілімізде өте сирек қолданылатын немесе белгілі бір себептермен (әлеуметтік, тарихи, мәдени өзгерістер) қолданыстан шығып бара жатқан сөздер мен сөз тіркестері. Мәселен, *айт-сана* (айтсаңшы), *гафияда* (жасырын), *басты бермей* (перзент бермей), *даңға шақты* (белгілі болды, атағы шықты), *душарласқан* (кездескен), *сарсаң қылдың* (әуреге салдың), *тыласыңыз* (тыңдасаңыз), *зайыбы* (жұбайы), *һештеме* (ештеме), *боқ дүние өтеді* (бұл дүние өткінші), *жораң* (жақын досың, жолдасың), *қадар* (мүмкіндік), *аруланбай* (тазаланбай), *жойқынсыздың тұқымы* (текті, айбынды, ерекше қасиеті бар), *бесті болды* (бес жасар жылқы), *желді* (желдей ұшып кетті), *сарық* (жадау, жүдеу, түсі қашқан), *емен таяқ* (жолға

шыққанда алып жүретін таяқ), *сәуірік* (жаңадан үйір ала бастаған жас айғыр), *шыңырау* (терең қазылған құдық), *ақбоз* (ақ түсті ат), *нала болып* (зар жылап), *тұлдайды* (қаралы дәстүр жасау), *ақ шалмалы* (ақ сәлделі), *бәндем* (құлым), *босқан* (қашып, тығылып), *һәр* (әр), *пері салды* (зұлымдық иесі араласты), *қалтақ* (қалтаң-құлтан), *айыр емшектен* (қос емшектен), *жаның қарман* (жаныңды сақтап), *жітіріңіз* (үстап әкелеңіз), *жіміре қыл* (ішіп-же), *еміс* (болжалдық мағына беретін демеулік), *қызкүрең* (қозы түстес қоңыр қызыл жылқы), *енеке* (шешеке, қаратпа сөз), *таңдырайын* (көрсетейін), *шұнақ* (құлағының ұшы кесілген я жабысып біткен), *құса болып* (қайғырып, зар болып), *қиуадан* (қиан, алыс, шалғай жер) т.б.

Діни сөздер: Жаппар-фәрмен (Алланың 99 есімінің бірі, «ең күдіретті» деген мағынада қолданылады), *ақ шалмалы* (ақ сәлделі), *бәндем* (құлым), *пері салды* (зұлымдық иесі араласты) т.б. Мысалдардан байқағанымыздай, бір сыңары ескі кітаби сөзден тұратын сөз тіркестері жиі ұшырасады. Сонымен қатар сөздің негізгі тұлғасы қазіргі қазақ тілімен сәйкес келгенімен, көне грамматикалық тұлғалармен берілген қолданыстар да аз емес. Солардың арасында болымды етістіктің мағынасын күшейтетін көмекші сөз – «дүр» грамматикалық тұлғасының жиі қолданылуы ерекшеленеді. Мәселен: *көп-дүр, бола дүр, кете дүр, рас-дүр, жүрген дүр, таба-*

дүр, жаман-дүр және т.б. Бұл тұлға көбінесе баяндауыштың мағынасын айқындап, сөйлемге салтанатты, шешендік мәнер береді. Бұл қолданыс, әсіресе, жыраулық дәстүрге тән көркемдік тәсілдің бірі болып табылады.

Не таба-дүр Қозыкекем онда барып

Не табады?

Қозы Көрпеш ол жаққа барудан ешқандай жақсылық таппайтынын меңзейді.

Ара-тұра көне грамматикалық қолданыстар да ұшырасады, мәселен: *көтер-ақпын* (көтеремін), *өтер ақпын* (өтемін), *жестер-ақпын* (жетемін) тәрізді етістіктің рай категориясына тән ескі тұлғалар да бар. Бұл формалар қазіргі тілдегі *-мын, -мін, -пын, -пін* тұлғаларының орнына қолданылған. Оларға «-ақ» күшейткіш жұрнақпен тіркесуі арқылы экспрессивтілік мәні күшейтілген.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Шоқан Уәлиханов нұсқасында қолданылған лексикалық қордың құрамындағы ескі кітаби сөздердің сандық көрсеткіштері төмендегі 1-кестеде ұсынылған. Кестеде жалпы сөз саны, оның ішінде көне сөздер, көнерген сөздер, төл сөздер және араб-парсы тілдерінен енген сөздердің абсолюттік және пайыздық мөлшері келтірілген. Бұл мәліметтер жырдағы архаизмдер мен кірме лексиканың таралу деңгейін және олардың жалпы лексикалық қордағы үлесін көрсетеді.

1-кесте – Қозы Көрпеш шығармасындағы ескі кітаби сөздердің сандық көрсеткіші

Барлық сөз	Көне сөздер	Көнерген сөздер	
		төл сөздер	араб-парсы сөздері
6875	58	11	6
	0,84%	0,16%	0,087%

Кестеден көрініп тұрғандай, жыр мәтінінде ескі кітаби сөздердің үлесі жалпы сөз санына шаққанда айтарлықтай көп емес. Алайда бұл сөздердің әрқайсысының мәтіннің мағынасын тереңдетуде, дәуірдің рухын жеткізуде және поэтикалық көркемдікті арттыруда маңызы зор. Әсіресе, көне сөздер мен көнерген сөздердің қолданысы жырдың архаикалық сипатын айқындап, оны өткен дәуірмен байланысты-

рады. Төл сөздердің ішіндегі архаизмдер мен араб-парсы кірмелері де сол кезеңнің тілдік ерекшеліктерін көрсетеді. Төменде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан алынған «сарық» сөзіне жасалған семантикалық белгіленімнің үлгісі келтірілген. Бұл үлгі пайдаланушыға бейтаныс сөздің мәнмәтіндік мағынасын ашып көрсетуге арналған ықшам форматты ұсынамыз.

Көкірегің қайғылы, көңілің жарық,
Келесің қайсы жактан, атың арық.
Атың арық, өзің аш, қаңғып жүрген,
Жаным, қалай адамсың жүзің *сарық*?

Сөз: Сарық
Мәнмәтіндік мағынасы: Жадау, жүдеу, түсі қашқан.
Шығарма атауы: Қозы Көрпеш – Баян сұлу
(Шоқан Уәлиханов нұсқасы)

Қозы *Көрпеш* іздеді ауған елді,
Алла Тағалам жаратты асқар белді.
Бір бөгеттен құтылып бара жатса,
Асқаралы бір тауға тағы келді.

Сөз: Көрпеш
Мәнмәтіндік мағынасы: Өзінің мерзімінен кеш туған қозы.
Шығарма атауы: Қозы Көрпеш – Баян сұлу
(Шоқан Уәлиханов нұсқасы)

Осы сияқты семантикалық белгіленім жеке лексикалық бірліктерге ғана емес, тіркестерге де әзірленеді. Мәселен, *Қозы Көрпеш, басты бермей, Құлазытқан көңіліңді тентек етіп* т.б.

Бай да болса пиғылдары тар секілді,
Тәңір берген дәулеті бар секілді.
Малды беріп, Құдайым *басты бермей*,
Бір шыбындай перзентке зар секілді.

Сөз: Басты бермей
Мәнмәтіндік мағынасы: Перзент бермей
Шығарма атауы: Қозы Көрпеш – Баян сұлу
(Шоқан Уәлиханов нұсқасы)

Қозы Күрең астына мінді дейді,
Құрсай садақ беліне ілді дейді.
Періштелер түсіне аян беріп,
Қосыларын Баянға білді дейді.

Сөз: Құрсай садақ
Мәнмәтіндік мағынасы: Мүйіз бен ағаштан киюластырып жасаған таңдаулы садақ.
Шығарма атауы: Қозы Көрпеш – Баян сұлу
(Шоқан Уәлиханов нұсқасы)

Жоғарыда көрсетілгендей, пайдаланушы «сарық» сөзінің үстіне меңзерді апарғанда, оның мәнмәтіндегі мағынасы («жадау, жүдеу, түсі қашқан») және бұл сөздің қай шығармада кездесетіні («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») туралы ақпарат пайда болады. Сонымен қатар сөздің қолданылған үзіндісі де ұсынылады, бұл оның мағынасын толық түсінуге көмектеседі. Бұл семантикалық белгіленімнің ықшам әрі түсінікті болуы пайдаланушының корпусы тиімді қолдануына ықпал етеді.

Сонымен қатар корпуста ескі кітаби сөздердің мағыналарын ашудың көрнекі тәсілдері де қарастырылған. Атап айтқанда, кейбір күрделі немесе көпмағыналы сөздердің қолданысын түсіндіру үшін шағын бейнероликтер пайдаланылады. Мысал ретінде, «Қозы Көрпеш» жырындағы «қол боқша» тіркесінің қолданысына берілген семантикалық түсініктемеге назар аударайық.

Бейнеролик мәтіні: Жырдағы көне сөздер мен тұрақты тіркестердің кейде тікелей емес, ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылатындығы байқалады. Солардың бірі – «қол боқша» тіркесі. Жыр жолында бұл тіркес төмендегіше берілген:

«Сол екі байдың ауылы көшкен екен,
Бір перзент көкейлерін кескен екен.
«Қатынымыз қыз тапса екеуіміздің,
Қол бақшасы бір болсын» дескен екен
(Шоқан Уәлиханов нұсқасы)

Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінде *боқша* сөзіне мынадай анықтама беріледі: «БОҚША з а т. к ө н е. Иленген ешкі терісімен немесе былғарыдан тігілген қалта, сөмке». Жырда айтылып отырған *қол боқша* – қыз балалардың қолға алып жүретін сөмкесі. «*Қол боқшасы бір болсын*» деген сөздің мәнісі – «қыздарымыз бір-бірінен ажырамастай, әрқашан бірге жүретін, тату-тәтті құрбы» болсын деген тілектен туындайды.

Бейнеролик мәтіні: Эпостық жырларда дәстүрлі түрде айтылатын, ер жігітті алдан күтіп тұратын басты-басты мифологиялық қиыншылықтар ішінде адам баласы кешіп не жүзіп өте алмайтындай тым үлкен су – дария, немесе адам баласы шыға алмастай, өте алмастай тым биік «асқаралы тау», не адам жаны шыдай алмайтындай тым қиын да өте алыс «қырық күншілік шөл» болады. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырында қиыншылық тудырушы мифология-

лық тұлғалардың тағы бірі – «қиқулының қырық бөрі».

Көзінің жасын көл қылып тағы төкті,
Бір тазшаны жиылып жұрты сөкті.
– Қиқулының қырық бөрі бар-дүр, балам,
Одан қайтіп өтесің? – тағы депті
(Шоқан Уәлиханов нұсқасы).

– Уайымды көп айтпа маған, – дейді,
Өзің оңла, Жасаған тобам, – дейді.
Қиқулының қырық бөрі келсе жетіп,
Қырық кез оғым жалынсын оған, – дейді
(Шоқан Уәлиханов нұсқасы).

Қиқулының қырық бөрі – айғай-үйғайлы, шулы, атойлы топтың әсерімен жөңкілген өте көп, әрі аса ызалы қасқырлар тобы, қалың қасқыр үйірі. Қозы ол бөрілерді қырық кез оғымен бір-бір атып, өлтіріп кете алатынын, қалай болғанда да «Құдай қосқан жарына» жетуі тиіс екенін, енді бұл жақта «тірі жан» болып жүре алмайтынын білдіреді.

Бейнероликтер арқылы ұсынылатын бұл тәсіл өте тиімді, себебі визуалды және аудио құралдар арқылы ескі кітаби сөздердің мағынасы кеңірек ашылып, тыңдаушының немесе көрерменнің есте сақтау қабілеті күшейеді. Бейнероликтер арқылы сөздердің семантикалық даму үдерісін көрсету де танымдық әсерін арттырады. Осындай мультимедиялық қосымшалар лингвистикалық зерттеулердің қолжетімділігін де арттырып, кең аудиторияға бағытталуына мүмкіндік береді.

Қорытынды

Сонымен, халық ауыз әдебиеті үлгілері мәтіндеріндегі ескі кітаби бірліктердің семантикалық белгіленімін әзірлеуде мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- тілдік корпус құру бойынша өзге елдердің семантикалық белгіленім әзірлеудің тәжірибесі талданды;

- жыр-дастандар мәтіндеріндегі ескі кітаби сөздердің семантикалық белгіленім параметрлері анықталды;

- халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі ескі кітаби лексикалық бірліктердің мәнмәтіндегі мағыналары талданды. Атап айтқанда, Қозы Көрпеш жыр бойынша көнерген, араб және парсы сөздері қабаттарына бөлінді, статистикасы берілді;

- семантикалық белгіленімнің мультимедиялық параметрін әзірлеудің алгоритмі нақтыланды.

Тарихи-поэтикалық корпус аясында ескі кітаби сөздерге жасалатын семантикалық белгіленім сөз мағынасын тануда тиімді құрал бола алады. Төмендегі артықшылықтары бар:

– мектеп оқушысы ұзақ мәтінмен жазылған жыр-дастандарды оқып келе жатқан өзіне бейтаныс сөздердің мағынасын сол мезетте анықтап, жырды ары қарай жалғастырып оқуға қызығушылығын арттырады, мазмұнын терең түсінеді. Тілді оқып-үйрету көпәспектiлi болуы қажет. Яғни, оқыту программасын құрастыруда оқып-үйрету мазмұнын құрайтын ақпаратты тілдің әр деңгейіне бірдей қатысты болу керек дейді (Жаңабекова, 2024).

- зерттеуші ескі кітаби лексикалық бірліктердің эволюциясын, жиілігін, мәнмәтіндік қолданысын анықтап, мағыналық өрісін анықтауға септігін тигізеді;

- тарихи-салыстырмалы зерттеулер жүргізіп, қайта жаңғыртуға мүмкіндік алады.

Мақала ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусы Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жарияланды.

References

- Başkırskiy poétičeskij korpus [Bashkir Poetry Collection] [Elektronniy resurs] (2013–2014). [Electronic resource]. URL: <http://web-corpora.net/bashcorpus/search/> (Date of use: 12.12.2025) (in Russian) (Date of use: 12.12.2025)
- Flyantikova, Ye.V. (2021). Natsional'nyy korpus russkogo yazyka: semanticheskaya razmetka [The national corpus of the Russian language: semantic markup]. BBK. (in Russian)
- Janabekova, A.A., Jolşaeva, M.S., Muqataeva, A.J., Tilegenova, G.B. (2024). Qazaq tiliniñ oqu casing asirleu maselleri [Problems of development of the academic building of the Kazakh language]. TILTANIM. Vol. 1, P. 133-143. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-133-143>. (in Kazakh)
- Kukanova, V.V. (2014). Printsipy semanticheskoy razmetki Natsional'nogo korpusa kalmytskogo yazyka [Principles of semantic markup of the National Corpus of the Kalmyk language]. Oriental Studies. Vol. 2, P. 137-143. (in Russian)

Malbakov, M., Berdillaeva, M., Malbakov, D. (2024). V.V.Radlov sözdigindegi qazaq sözderiniñ leksika-semantikalıq qoldanım erekselikteri [Features of lexical and semantic use of Kazakh words in the dictionary of V.V. Radlov]. TILTANYM. Vol. 3, P. 22-30. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30>. (in Kazakh)

Malbakov, M., Kobdenova, G., Kairat, A. (2024). Qazaq tilining poetikalıyq korpussy boıynsha birer soz [A few Words on the Issues of the Poetic Corpus of the Kazakh Language]. Eurasian Journal of Philology: Science and Education. Vol. 3, P. 44-57. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph05> (in Kazakh)

Narykova, N.A. (2014). Zat esimniñ semantikalıq jäne sözjasamdıq mağnasın anıqtawdağı konteksttiñ röli [The role of context in determining the semantic and word-formation meaning of a noun]. Ǵılım, mädeniät, bilim älemi [World of science, culture, education]. Vol. 3 (46), P. 255-256. (in Kazakh)

Natsional'nyy korpus russkogo yazyka [National Corpus of the Russian Language]. [Electronic Resource]. URL: <https://ruscorpora.ru/search?search> (Date of use: 12.12.2025) (in Russian)

Qazaq tiliniñ ulttıq korpwsı, Tarixi-poetikalıq işkorpws. [Electronic Resource]. URL: https://qazcorpus.kz/_tarihi-poetikalyq-ishkorpws/index1.php (in Kazakh)

Seyitbekova, A.A., Elesbay, N. (2024). Tarixi poetikalıq işkorpws: eski qazaq poetikalıq mätinder bazası [Historical poetic subcorpus: database of old Kazakh poetic texts]. TILTANYM, Vol. 3, P. 140-150. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-140-150>. (in Kazakh)

Sichinava, D.V. (2022). Korpus berestyanykh gramot kak parallel'nyy [The case of birch bark letters as parallel]. Trudy Instituta russkogo yazyka im. V.V. Vinogradova [Proceedings of the V. Vinogradov Institute of the Russian Language]. Vol.2, P. 92-106. (in Russian)

Syzdyk, R. (2004). Sozder soyleydi (Sozderdin koldanyly tarihy) [Words speak (from the history of the use of words)]. Almaty. (in Kazakh)

Syzdyq, R. (2009). Qazaq tilindegi estelikter men jañalıqtar: ǵılımı-tanımdıq zertteu [Memories and discoveries in the Kazakh language: scientific and Cognitive Research]. Almaty. (in Kazakh)

Tatarskiy nacionalniy korpws “Twgan tel” [Tatar National corpus «Tugan tel»]. [Electronic Resource]. URL: <https://www.tugantel.tatar/> (Date of use: 12.12.2025) (in Russian)

Turkish National Corpus (TNC) [Electronic Resource]. URL: <https://www.tnc.org.tr/> (Date of use: 12.12.2025) (in Turkish)

Авторлар туралы мәлімет:

Сейтбекова Айну́р Атаибе́кқызы (корреспондент-автор) – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: Ainurseit@mail.ru);

Хабиева Алмагу́л Алтайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru).

Information about the authors:

Seitbekova Ainur Atashbekovna (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Ainurseit@mail.ru);

Khabiyeva Almagul Altayevna – Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru).

Сведения об авторах:

Сейтбекова Айну́р Атаибе́ковна (автор-корреспондент) – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: Ainurseit@mail.ru);

Хабиева Алмагу́ль Алтаевна – кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru).

Келін түсті: 11 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 9 маусым 2025 жыл